

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру педагогі» мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы
(қазақ және орыс тілдерінде)

1. Жалпы ережелер

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру педагогі» білім беру бағдарламасы педагогикалық процесті ғылыми жетілдіру, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Білім беру саясатының басым бағыттары ретінде нормативтік-құқықтық актілерді табысты іске асыруға ықпал ететін педагогтің кәсіби-жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», «Білімді ұлт», «Сапалы білім беру» ұлттық жобаларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді басты міндет ретінде қарастырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім берудің бірінші деңгейі отбасын қолдаудың маңызды институты ретінде ұлттық құндылықтарды балалардың ерте дамуының қазіргі заманғы теорияларымен үйлестіруге бағытталған.

Ұсынылған негізгі ережелер баланың өмірінің толыққанды екі компоненті – отбасы мен балабақша болған жағдайда оның үйлесімді дамуын анықтайды. Осыған байланысты қайшылықтар анықталуда:

- баланың танымдық қажеттіліктері мен оны дамытушы орта сапасын *ECERS-3 негізінде құрылған* кешенді бағалау механизмдері арасында;
- мектепке дейінгі ұйым педагогінің жұмыс сапасын шкала әдісі арқылы анықтаудың мәнін, сенімділігі, дұрыстығын түсіну мен оны кешенді бағалауда қолдану арасында;
- балалардың күнделікті әрекетінде қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын қолдау қатынастары мен оны саралау арасында.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасы мен оның тұрақты дамуы мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіндегі қайшылықтарды түбегейлі шешуге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттері мен біліктіліктерін көтеруге ықпал етуге бағытталған, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 27 тамызындағы № 157 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Глоссарий

Педагог – тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіптік білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және (немесе) білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ кәсіптік стандартта көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін тұлға.

Педагогтің құзыреттілігі – бұл психологиялық-педагогикалық білім, білік, дағды және педагогикалық қызметке деген жеке қатынасының жиынтығы.

Құзыреттілік – білім деңгейі мен атқаратын қызметке жеке қарым-қатынасы, мотивтері мен құндылық бағдары мен кәсіби функцияны сәтті орындауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін қамтитын тәжірибесі.

Құзыреттер – белгілі бір саладағы іс-әрекетті тиімді және өнімді орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, тұлғалық қасиеттер, тәжірибе жүйесінде көрінетін білімнің нәтижесі.

Кәсіби құзыреттілік – оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық міндеттерді білікті шеше алу қабілеттілігі мен қызметті табысты іске асыруға қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің жиынтығы.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, эмоционалдық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі.

Процесс сапасы – мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтердің балалардың даму үдерісін ұйымдастыруы, педагог пен балалар арасындағы маңызды өзара байланысы, күнделікті практикада күтім мен білім берудің бірлігі, балаға достық ниет және баланың қажеттіліктерін ескеру, әр баланың отбасымен коммуникативтік өзара қарым-қатынас жасау, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің күнделікті практикасына тарту.

Құрылымдық сапа – мектепке дейінгі ұйым жұмысын ұйымдастыру, ішкі заттық-кеңістіктің ұйымдастырылуы, педагогтердің білім мен кәсіби деңгейі, жоспар (*ұйымдастырылатын іс-әрекеттің перспективалық жоспары, оқу-тәрбие жұмысының циклограммасы, баланың жеке даму картасы*), қаржыландыру, балалар санының педагогтер санына қатынасы, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру, балалардың қауіпсіздік жағдайы, аккредиттеу немесе аттестация;

Нәтиже сапасы – балалардың, отбасылардың, қоғамның белгілі бір мектепке дейінгі ұйымнан алатын пайдасы, нәтиженің балалардың әл-ауқатына әсер етуі, балалардың эмоционалдық, адамгершілік, психикалық, психологиялық салауаттылығы мен дамуының, әлеуметтік дағдыларының өлшемі, балалардың алдыңғы өмірге дайындығы, денсаулығы және олардың мектепке дайындығы.

Педагогтің деонтологиялық мәдениеті – педагогтің мінез-құлық ережелеріне негізделген зерттеу этикасы мен педагогикалық парызды сақтауы.

Модель – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру бағыттарын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Модуль - бітірушінің бір құзыреттілігін (әдетте кәсіби) немесе құзыреттер тобын (мысалы, бір немесе бір топ міндеттерді шешу үшін барлық кәсіби құзыреттерді) қалыптастыруға бағытталған негізгі немесе қосымша білім беру бағдарламасының негізгі құрылымдық элементі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

1.Модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контексінде нормативтік құқықтық актілер	1.1. Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары: - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - «Педагог» кәсіби стандарты
	1.2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» (2021) негізінде нормативтік құжаттардағы өзгерістер: - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (2022); - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022); - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың оқу бағдарламасы (2022).
	1.3 «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»; «Тиісті үлгідегі және үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
	1.4 «Педагог қызметкерлер лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары»; «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелері мен шарттары».
2.Модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контексінде мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогы	2.1 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>академиялық іскерліктері</i> . Модельді іске асыру контексінде мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогы. Мектепке дейінгі баланың даму ерекшеліктері жайлы академиялық білім, білік, дағдылары. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін білуі. «Педагог» кәсіби стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы теориялық және қолданбалы білім ұғымы. Баланың даму заңдылықтары. Балалардың танымдық қызығушылықтарын есепке алу. Педагогикалық

	әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар мен ақпараттық коммуникациялық ресурстар.
	2.2 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>перцептивті іскерліктері</i>. Мектепке дейінгі топтың бейімделген, өзгермелі пәндік-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру. Тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін (ойын, шығармашылық, коммуникативтік, еңбек) ұйымдастырудағы педагогтің рөлі. Бала әрекеттерін талдауы. Құпия бұрыштары. Балалардың белсенділік түрлерін таңдау мүмкіндігі. Бала әрекеттеріндегі серіктесті таңдау.
	2.3 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>әлеуметтік-педагогикалық іскерліктері</i>. Ата-аналармен ағарту жұмыстары, оларға кеңес беру. Балаларды әлеуметтендіру, ол үшін жағдай жасау. Балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау.
	2.4 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>әлеуметтік-психологиялық іскерліктері</i>. Бала проблемалары бойынша алдын-алу, диагностикалық, түзету жұмыстарын ұйымдастыру.
	2.5 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>зерттеу деонтологиясы (мәдениеті)</i>. Мектепке дейінгі ұйымның күнделікті жұмысындағы зерттеу жұмыстары. Мониторингті ұйымдастыру мен жүргізу. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу. Мектепке дейінгі ұйымдағы авторлық бағдарламалар, апробация (<i>педагогикалық эксперимент</i>).
	2.6.Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>коммуникативтік біліктері</i>. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық процесті басқару стилі. «Педагог - бала», «педагог-ата-ана», «педагог-әріптестер» жүйесіндегі өзара біріккен іс-әрекет.
	2.7.Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>ұйымдастырушылық іскерліктері</i>. Ерте, мектепке дейінгі жастағы баланың педагогикалық қызметін талдау. Балалар әрекеттерін жоспарлаудың педагогикалық шарттары
	2.8.Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>құрастырушылық іскерліктері</i>. «Топта екі тәрбиеші» жобасы. Баланың қызығушылығын ескере отырып, әрекеттерді ұйымдастыру.

	Оқу-әдістемелік, тәрбие және оқыту жұмыстарын жоспарлау. Нәтижелерді талдау негізінде педагогикалық қызметті жобалау. Циклограмма құру. <i>2.9.Мектепке дейінгі ұйым педагогінің арнайы іскерліктері.</i> Модель талаптарына сай педагогтің өзін-өзі дамытуы. Портфолио. «Үздік педагог» конкурсына қатысу. Авторлық бағдарлама құру.
Практикумдер (өзіндік жұмыс);	
3.Модуль Мектепке дейінгі ұйымның сапасын қамтамасыз ету, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде білім беру	3.1.Мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс сапасын қамтамасыз ету. Моделді іске асыру контекстінде баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту. ECERS-3 негізінде мектепке дейінгі ұйымдардағы білім сапасын кешенді бағалау механизмдер. Заттық-кеңістік, дамытушы орта. Шкала әдісі арқылы сапаны бағалаудың педагогикалық мәні. МДҰ сапасын кешенді бағалаудың сенімділігі мен жарамдылығы. МДҰ сапасын қамтамасыз ету. Кешенді сапаны бағалау әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары. 3.2. <i>Бағалау жүйесі.</i> Сапаны бағалау парағы. ECERS-3 жүйесінің мәні. Бағалаудың ішкі шкалалары мен көрсеткіштеріне шолу: заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны бағалау. 3.3. <i>Сапаны бағалау шкаласының</i> ішкі шкалалары мен көрсеткіштері: педагогтің күнделікті жұмысын бақылауда шкала қолданудың педагогикалық шарттары. Педагогтің күнделікті тәжірибеде балалардың қажеттіліктерін есепке алуын бағалау әдісі. 3.4. <i>Бала күтімі шкалалар</i> мен шкала көрсеткіштеріне шолу: шкаланы қолданудың педагогикалық шарттары. Күнделікті тәжірибеде балалардың қажеттіліктерін ескеру. 3.5. <i>Сөйлеу және сауаттылық шкаланың</i> ішкі өлшемдері мен өлшемдерін қолданылудың педагогикалық шарттары, кіші шкалаларға шолу. Күнделікті тәжірибеде балалардың қажеттіліктерін ескеру. 3.6. Шығармашылық (еркін) ойындарды, ережелері бар ойындарды, драмалық ойындарды, рөлдік ойындарды және құрастыратын ойындарды ұйымдастыру шкалаларына, ішкі шкалаларына, көрсеткіштеріне шолу. Ойын әрекеті түрлері. Ойын әрекетінің мөлшерін анықтау. 3.7. Өзара әрекеттесу шкалалар мен ішкі шкала көрсеткіштеріне шолу: Педагогикалық шарттар және шкаланың қолданылуы. Педагог пен балалардың еркін

	қарым-қатынасын және балалардың өзара еркін әрекетін ұйымдастыру;
Балабақша базасында практикалық сабақ ұйымдастыру.	3.8. Балалардың оқуға деген белсенді қызығушылығын анықтау шкаласын қолдану әдісі (<i>мотивация жасау, зейінді шоғырлану</i>); Балалардың дербестігін анықтау шкаласын қолдану әдісі және оларға бақылау жүргізу әдісі (<i>дербестік принципі</i>).
Балабақша базасында практикалық сабақ ұйымдастыру.	3.9. Балалардың білім беру ортасында қауіпсіздік шкаласын қолдану әдісі (<i>сенім және әл-ауқат</i>). Балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін (<i>қарым-қатынас дәрежесі</i>) анықтау шкаласын қолдану әдісі және басқалармен қарым-қатынаста тәрбиелеу мен оқыту әдістемесі (<i>әлеуметтік өзара әрекеттесу және сыйластық</i>).
Балабақша базасында практикалық сабақ ұйымдастыру	3.10. Алынған дағдылар шкаласын қолдану әдістемесі және балалардың әртүрлі дағдылар мен білімдерді тұтас меңгеруінің әдістемесі (<i>дағдыларды меңгеру</i>). Жүйелі ойлауды анықтау шкаласын қолдану әдістемесі және балалардың метатанымдық ойлау қабілетін дамыту әдістемесі (<i>жоғары деңгейлі ойлау дағдылары</i>).
4.Модуль Модельдік бағдарламалар негізінде вариативті, бейімделген, дамытушылық бағдарламаларды әзірлеу әдістемесі	4.1. Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу әдістемесі. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, үйлесімді дамуын ұйымдастыру. Балалардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын саралау.
	4.2. Бағдарлама құрастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Үлгілік оқу бағдарлама негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарлама әзірлеу мәселелерін талқылау.
5.Модуль Вариативті мазмұн	5.1. Тыңдаушылардың сапалық құрамын және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары мен мәселелерін талдау, туындаған мәселелерді шешу.
	5.2. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалауы.
Қорытынды бақылау	
Модульдер бойынша тестілеу – 1 сағат	
Жоба қорғау – 3 сағат	

Бағдарламада қарастырылатын жаңашылдық дәрежесі бойынша курс бағдарламасын әзірлеуде. Әлемдік (*мультидисциплинарлық, трансциплинарлық, пәнаралық байланыс, балаға бағдарланған оқу мен тәрбие*), Ұлттық (*рухани жаңғыру, тәрбие мен оқудың сапасын қамтамасызету*) трендтер мен халықаралық тәжірибе ескерілген.

Бағдарламада қамтиды.

- жаңа нормативтік-құқықтық актілер туралы жүйелі түсініктерге негізделген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- Модельді іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін кадрлардың кәсіби біліктері мен дағдыларын көтеру айқындалды;

- мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің сапасын қамтамасыз ету үшін үлгілік бағдарлама негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу үшін педагогтің іскерлігі ашылды;

- мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін талдау дағдылары мен сапасын қамтамасыз ету шкалаларын қолдану дағдылары негізделіп, оларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту міндеттерін шешу үшін қалыптасқан құзыреттіліктерді қолдануға педагогтердің дайындығын күшейтумен анықталады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін көтеру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде нормативтік құқықтық актілер туралы жүйелі түсінік беру;

2) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру;

3) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын қамтамасыз ету үшін педагог біліктілігін арттыру.

4) Үлгілік оқу бағдарлама негізінде педагогтің вариативті, бейімдеуші, дамытатын бағдарламаларды жасау дағдыларын қалыптастыру.

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық актілерді: *ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңды, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделін, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын, Үлгілік оқу бағдарламасын, «Педагог» кәсіптік стандартын* біледі;

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделінің идеясын, мақсаты мен міндеттерін түсінеді; мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің сапасын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды;
- 2) сапаны қамтамасыз ету шкаласын қолдану және мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгереді;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттерін шешу үшін қалыптасқан құзыреттілікті қолдануға дайындығын көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контексіндегі нормативтік құқықтық актілер;
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контексінде мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогы;
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету;
4. Үлгілік бағдарламалар негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу әдістемесі;
5. Вариативті мазмұн.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі, қашықтықтан оқу режимінде ұйымдастырылады, ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

Білім беру процесін дәстүрлі режимде ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында теориялық және практикалық жұмыс, жобаны қорғау, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Өзіндік жұмыс, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары үшін тапсырмалар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Оқытудың білім беру процесі оқыту мен оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қамтиды: кейс-технология, баскет-әдіс (проблемалық иммитациялау), практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақ, тренинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, жобалық жұмыстың таныстырылымы, рөлдік ойындар, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, эссе, тестілеу, тыңдаушыны өз бетінше оқыту, электрондық интерактивті практикум.

Курс қашықтықтан ұйымдастырылғанда жоспарланған практикалық сабақтар мазмұны тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын орындаумен алмастырылады.

Тыңдаушыларға өткен материалды оқу мен бекіту үшін курс материалдары беріледі.

Курс соңында кері байланыс ретінде тыңдаушылардың жеке құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрамы игерген білім деңгейін бағалау критерийлері мен өлшемдері ұсынылады. Ол ОӘК құрамына енгізіледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары мен дидактикалық тәсілдері.

Оқытуды құру принциптері:

- жүйелі оқыту;
- оқытудың интерактивтілігі;
- оқыту мазмұнының мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту саласындағы өзекті мәселелерге сәйкестігі;
- оқу материалдарында мазмұндық динамикасының ескерілуі, бірізділігі;
- курстың тәжірибеге бағдарлануы;
- оқу материалдарының педагогикалық қызметпен байланыстылығы;
- курс мазмұнының тыңдаушыға бағдарлануы.

Бағдарламаны іске асыруда қолданылатын білім беру технологиялары:

- оқытуда проблемалық әдістерді қолдану (проблемалық ситуацияларды шешу, нақты жағдаяттарға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды орындау);
- оқытудың әртүрлі формаларының үйлесуі (аудиториялық теориялық және практикалық сабақтар, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіндегі дуальдық оқыту);
- даму дәрежесінің біліктілігін анықтайтын бағалау материалдарын пайдалану (қорытынды тапсырманың орындалуын бағалау критерийлерін сипаттау үшін айдарды пайдалану);
- оқыту барысында тыңдаушыларды өзара байланысты оқыту, әдістемелік және оқытушылық қызметке бағдарлау (шағын топтардағы жұмыс, «ой талқысы/ миға шабуыл», жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында қорғау, кластерлер, менталды карталар әзірлеу).

Оқытудың әдістемелік құралдары:

1) оқу-әдістемелік материалдар (оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, практикумдар, мерзімді басылымдар, үлестірме материалдар, нормативтік құжаттама және т.б.);

2) оқу процесінде мынадай әдістер қолданылады:

- шағын топтарда жұмыс істеу;
- талқылау;
- ситуациялық есептерді шешу;
- «миға шабуыл»;
- жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру;
- шығармашылық тапсырма.

Модуль 1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде нормативтік-құқықтық актілер

1. Модульдің өзектілігі.

Модуль білім алушыларға нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген

мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаларымен танысуды ұсынады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сай Педагогтің кәсіби-жеке құзыреттілік деңгейі көтеріледі.

2.Модуль міндеттері:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қазіргі заманғы жүйесін дамытудың басым бағыттарын айқындау;

2) мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен әдіскерлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу.

3. Күтілетін нәтижелер:

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың басым бағыттарын түсінеді;

2) «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сай педагогтің кәсіби-жеке құзыреттілігі көтеріледі.

Модуль 2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асырудағы мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі.

1.Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны білім алушыларға мектепке дейінгі білім беру педагогінің қазіргі кәсіби қызметінің шарттары туралы түсініктерін кеңейтуге, шетелдік және отандық тәжірибе негізінде ерте және мектепке дейінгі жастағы заманауи теорияларды зерделеуге бағыттайды.

Модуль мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда кәсіптік қызметке қажет біліктерін: (академиялық, перцептивтік, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, зерттеу деонтологиясын (мәдениетін), коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструкторлық) нақтылау, мектепке дейінгі ұйым педагогінің арнайы білігін көтеруге және практикалық жұмыстар арқылы бекітуге бағытталған.

2.Модуль міндеттері:

1) шетелдік және отандық тәжірибе негізінде қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру педагогінің кәсіби қызметі туралы түсініктерді кеңейту;

2) мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін көзқарасты қалыптастыру.

3.Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесінде НҚА қолданады;

2) кәсіби қызметте академиялық, перцептивтік, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, зерттеу деонтологиясын (мәдениетін), коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструкторлық, арнайы іскерліктерді қолдана алады және кәсіби педагогикалық міндеттерді

шешу үшін алған құзыреттерін көрсете алады.

3. Модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контексінде мектепке дейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету

1. Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны білім алушылардың шетелдік және отандық тәжірибе негізінде ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеттерін дамыту шарттары туралы идеяларды кеңейтуге бағытталады.

Модуль мазмұны балалардың оқуға белсенді қызығушылығын анықтау (мотивация және шоғырлану);

балалардың әрекеттердегі еркіндігін анықтау және олардың оқуына белгілі бір бақылауды қалыптастыру әдістемесі (Тәуелсіздік);

балалардың білім беру ортасындағы қауіпсіздік деңгейін анықтау (сенімділік және әл-ауқат) шкалаларын игеруге және іс жүзінде қолдануға бағытталған;

балалардың әлеуметтік өзара іс-қимыл деңгейін (коммуникация дәрежесін) және басқалармен қарым-қатынас жасауды үйрету әдістемесін (әлеуметтік өзара іс-қимыл және құрмет) айқындау;

балалардың әлеуметтік дағдылар мен білімдерді тұтас игеруі әдістемесі мен алған дағдыларын айқындау (дағдыларды игеру);

балалардың метакогнитивтік ойлау дағдыларын дамыту әдістемесі мен жүйелі ойлауын айқындау (жоғары тәртіптегі ойлау дағдылары).

2. Модуль міндеттері:

1) ECERS-3 негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім сапасын кешенді бағалауға арналған механизмдері; білім беру ортасы; шкалалардың педагогикалық мәні. Кешенді бағалаудың сенімділігі мен жарамдылығы; педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз ету шкалаларын қолданудың педагогикалық шарттары мен әдістері;

2) Мұғалімнің құзыреттілігін өз іс-әрекетін өзін-өзі бағалауды дамыту үшін көзқарасты қалыптастыру.

3. Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы (ECERS-3 негізінде) білім беру сапасын кешенді бағалау үшін әртүрлі шкалаларын және олардың мектепке дейінгі ұйымның сапасын көтеруге қолданады;

2) педагогикалық міндеттерді шешу үшін (ECERS-3 негізінде) шкаласының нәтижелерін пайдалануға дайын екендіктерін көрсетеді.

4. Модуль Үлгілік оқу бағдарламалар негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу әдістемесі

1. Модульдің өзектілігі

Модуль мектепке дейінгі деңгейдің Үлгілік оқу бағдарламалар негізінде вариативтік, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеудің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Модуль Үлгілік оқу бағдарламалар негізінде вариативті, бейімделген,

дамытушы бағдарламаларды жасау тәжірибесін қалыптастырады.

2.Модуль міндеттері:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде вариативтік, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу әдістемесі туралы түсініктерін кеңейту;

2) авторлық бағдарламаларды құру дағдыларын қалыптастыру;

3. Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) Үлгілік оқу бағдарлама негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған (вариативті, бейімделгіш, дамытушы) бағдарлама әзірлейді, оны қорғайды, бағанады;

2) портфолиоға арналған әдістемелік қоржынды жасау дағдыларын меңгереді.

Модуль 5. Вариативті мазмұн

1. Модульдің өзектілігі

Модуль білім алушылардың жеке білім беру бағытын құруына жағдай жасайды, оның құрамдас бөлігі оқу сабақтарының кестесі аясында оның кәсіби сұраныстары мен еркіндігін қанағаттандыратын вариативті тақырып болады. Сондай-ақ, модуль рефлексиялық-диагностикалық кезеңді қамтиды.

2. Модуль міндеттері:

1) білім алушылардың кәсіби қызметіндегі мәселелерді анықтау;

2) білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

3. Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) кәсіби қызметтегі мәселелерді көрсетеді.

2) білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін бағалайды.

Оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық сабақтар	Жобаны қорғау	Тестілеу	Барлығы
1	1.Модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстіндегі нормативтік-құқықтық актілер	8	8			16
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Педагог» кәсіби стандарты.	2	2			4

1.2	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» негізінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.	2	2			4
1.3	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар». «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».	2	2			4
1.4	«Педагог қызметкерлер лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары». «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелері мен шарттары».	2	2			4
2	2. Модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контексінде мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі	7	9			16
2.1	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>академиялық іскерліктері</i> . Модельді іске асыру контексінде мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі. Мектепке дейінгі баланың даму ерекшеліктері жайлы академиялық білім, білік, дағдылары. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін білуі. «Педагог» кәсіби стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы теориялық және қолданбалы білім ұғымы. Баланың даму заңдылықтары. Балалардың танымдық қызығушылықтарын есепке алу. Педагогикалық әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар мен ақпараттық коммуникациялық ресурстар.	1	1			2
2.2	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>перцептивті іскерліктері</i> . Мектепке дейінгі топтың бейімделген, өзгермелі пәндік-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру. Тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін (<i>ойын, шығармашылық, коммуникативтік, еңбек</i>) ұйымдастырудағы педагогтің рөлі. Бала әрекеттерін талдауы. Құпия бұрыштары. Балалардың белсенділік түрлерін таңдау мүмкіндігі. Бала әрекеттеріндегі серіктесті таңдау.	1	1			2
2.3	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>әлеуметтік-педагогикалық іскерліктері</i> . Ата-аналармен ағарту жұмыстары, оларға кеңес беру. Балаларды әлеуметтендіру, ол үшін жағдай жасау. Балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау.	1	1			2
2.4	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің <i>әлеуметтік-</i>	1	1			2

	<i>психологиялық іскерліктері. Бала проблемалары бойынша алдын-алу, диагностикалық, түзету жұмыстарын ұйымдастыру.</i>					
2.5	<i>Мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеу деонтологиясы (мәдениеті).</i> Мектепке дейінгі ұйымның күнделікті жұмысындағы зерттеу жұмыстары. Мониторингті ұйымдастыру мен жүргізу. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу. Мектепке дейінгі ұйымдағы авторлық бағдарламалар, апробация (<i>педагогикалық эксперимент</i>).	1	1			2
2.6	<i>Мектепке дейінгі ұйым педагогінің коммуникативтік біліктері.</i> Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық процесті басқару стилі. «Педагог - бала», «педагог-ата-ана», «педагог-әріптестер» жүйесіндегі өзара біріккен іс-әрекет.	0,5	1			1,5
2.7	<i>Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ұйымдастырушылық іскерліктері.</i> Ерте, мектепке дейінгі жастағы баланың педагогикалық қызметін талдау. Балалардың әрекеттерін жоспарлаудың педагогикалық шарттары.	0,5	1			1,5
2.8	<i>Мектепке дейінгі ұйым педагогінің құрастырушылық іскерліктері.</i> «Топта екі тәрбиеші» жобасы. Баланың қызығушылығын ескере отырып, әрекеттерді ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік, тәрбие және оқыту жұмыстарын жоспарлау. Нәтижелерді талдау негізінде педагогикалық қызметті жобалау. Циклограмма құру.	0,5	1			1,5
2.9	<i>Мектепке дейінгі ұйым педагогінің арнайы іскерліктері.</i> Модель талаптарына сай педагогтің өзін-өзі дамытуы. Портфолио. «Үздік педагог» конкурсына қатысу. Авторлық бағдарлама құру.	0,5	1			1,5
2.10	Практикумдар (өзіндік жұмыс);		2			2
3	Модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепке дейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету	7	9			16
3.1	Мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс сапасын қамтамасыз ету. Моделді іске асыру контекстінде баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту. ECERS-3 негізінде мектепке дейінгі ұйымдардағы білім сапасын кешенді бағалау механизмдер. Заттық-кеңістік, дамытушы орта. Шкала әдісі арқылы сапаны бағалаудың педагогикалық мәні. МДҰ сапасын кешенді бағалаудың сенімділігі мен валидтілігі. МДҰ сапасын қамтамасыз ету. Кешенді сапаны бағалау әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары.	1	1			2
3.2	<i>Бағалау жүйесі.</i> Сапаны бағалау парағы. ECERS-3	1	1			2

	жүйесінің мәні. Бағалаудың ішкі шкалалары мен көрсеткіштеріне шолу: заттық-кеңістіктік дамытушы органы бағалау.					
3.3	<i>Сапаны бағалау шкаласының</i> ішкі шкалалары мен көрсеткіштері: педагогтің күнделікті жұмысын бақылауда шкала қолданудың педагогикалық шарттары. Педагогтің күнделікті тәжірибеде балалардың қажеттіліктерін есепке алуын бағалау әдісі.	1	1			2
3.4	<i>Бала күтімі шкалалары</i> мен шкала көрсеткіштеріне шолу: шкаланы қолданудың педагогикалық шарттары. Күнделікті тәжірибеде балалардың қажеттіліктерін ескеру.	1	1			2
3.5	<i>Сөйлеу және сауаттылық шкаланың</i> ішкі өлшемдері мен өлшемдерін қолданылудың педагогикалық шарттары, кіші шкалаларға шолу. Күнделікті тәжірибеде балалардың қажеттіліктерін ескеру.	0,5	1			1,5
3.6	Шығармашылық (еркін) ойындар, ережелері бар ойындарды, драмалық ойындарды, рөлдік ойындарды және құрастыратын ойындарды ұйымдастыру шкалалары мен ішкі шкалаларына, көрсеткіштеріне шолу. Ойын әрекеті түрлері. Ойын әрекетінің мөлшерін анықтау.	0,5	1			1,5
3.7	3.7. Өзара әрекеттесу шкалалар мен ішкі шкала көрсеткіштеріне шолу: Педагогикалық шарттар және шкаланың қолданылуы. Педагог пен балалардың еркін қарым-қатынасын және балалардың өзара еркін әрекетін ұйымдастыру.	0,5	1			1,5
3.8	Балалардың оқуға деген белсенді қызығушылығын анықтау шкаласын қолдану әдісі (<i>мотивация жасау, зейінді шоғырлану</i>); Балалардың дербестігін анықтау шкаласын қолдану әдісі және оларға бақылау жүргізу әдісі (<i>дербестік принципі</i>).	0,5	1			1,5
3.9	Балалардың білім беру ортасында қауіпсіздік шкаласын қолдану әдісі (<i>сенім және әл-ауқат</i>). Балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін (<i>қарым-қатынас дәрежесі</i>) анықтау шкаласын қолдану әдісі және басқалармен қарым-қатынаста тәрбиелеу мен оқыту әдістемесі (<i>әлеуметтік өзара әрекеттесу және сыйластық</i>).	0,5	1			1,5
3.10	Алынған дағдылар шкаласын қолдану әдістемесі және балалардың әртүрлі дағдылар мен білімдерді тұтас меңгеруінің әдістемесі (<i>дағдыларды меңгеру</i>). Жүйелі ойлауды анықтау шкаласын қолдану әдістемесі және балалардың метатанымдық ойлау қабілетін дамыту әдістемесі (<i>жоғары деңгейлі ойлау дағдылары</i>).	0,5	1			1,5
4	4. Модуль Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде вариативті, бейімделгіш, дамытушы бағдарлама әзірлеу әдістемесі	6	10			16

4.1	Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу әдістемесі. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, үйлесімді дамуын ұйымдастыру. Балалардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын саралау.	2	5			
4.2	Бағдарлама құрастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Үлгілік оқу бағдарлама негізінде вариативті, бейімделген, дамытушы бағдарлама әзірлеу мәселелерін талқылау.	4	5			
5	Модуль 4. Вариативті мазмұн	2				2
5.1	5.1.Тыңдаушылардың сапалы құрамына және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары мен мәселелерін талдау, туындаған мәселелерді шешу.	1				1
5.2	5.2. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалауы.	1				1
6	Қорытынды бақылау					
6.1	Тестілеу				1	1
6.2	Жоба қорғау			3		3
	Барлығы:	32	36	3	1	72

Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша қорытынды сертификаттау жобаны қорғау, өзіндік жұмыс, тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік жұмыс (практикум)

Өздік жұмыс барысында білім алушылар ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекеттерін жоспарлауды, ұйымдастыруды және талдауды қамтитын жеке тапсырманы орындайды.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері

Өзіндік жұмыс үшін келесі критерийлер бөлінеді:

- 1) іске асырылмаған-0 балл;
- 2) ішінара іске асырылғаны-1 балл,
- 3) толық іске асырылды – 2 балл.

Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін талдаудың диагностикалық құралдарын игеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеру;
- 2) балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін практикалық қолдану;
- 3) балалардың ойын іс-әрекетінің көрсеткіштері, өлшемдері, индикаторлары жүйесін меңгеру;
- 4) балалардың ойын әрекеттерін талдау;

5) қорытынды жасай білу.

Өздік жұмысты орындау бойынша білім алушылардың білімін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл, (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50 - 74%).

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 білім алушылардан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) титулдық бет (ұйымның атауы, Әзірлеуші(лер) дің Т.А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігіне негіздеме, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, негізгі мәселенің тұжырымы мен қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады; дереккөздер мен қолда бар тиімді практика материалдарында жобалық идея жазылады; жобаны іске асырудың іс-әрекеттері (кезеңдері) жоспарланады; жобаны және оның болашақ дамытушы, оқыту, қалыптастырушы әсерін бағалау өлшемшарттары, көрсеткіштері, индикаторлары айқындалады).

5) қорытынды (жобаның тәуекелдері жазылады, жинақталған қорытындылар жасалады немесе Жобаны пайдалану жөнінде практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) слайд түріндегі Презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) жобаның негіздемесі
- 2) жобалау идеясының креативтілігі
- 3) жобаны іске асыру жоспары
- 4) алған білімдерін көрсету
- 5) әлеуетті өнімділік

Жобаның бағалау парағы

	Критерийлер	Балдар	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, жаңашылдық		
4	Жобаны жүзеге асыру кезеңдерін құрылымдау Логика, жүйелілік, толықтық		

5	Педагогикалық мәселелерді шешуде ойынды қолданудың мақсаттылығы		
6	Жобаны жүзеге асыру перспективалары Нәтижелерді тарату		
	Ұпай саны		

Жобалық жұмыстың презентацияын бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

0 балл-іске асырылмады;

1 балл – ішінара іске асырылды;

2 балл-толығымен орындалды.

Жоба бойынша ең жоғарғы балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомасын дәстүрлі бағалау нормаларына келесі схема бойынша аударуды ұсынамыз:

«5» (өте жақсы) бағасы 11-12 балл сомасына қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 8-10 балл сомасына сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 6-7 балл сомасына сәйкес келеді.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін» іске асыру контекстіндегі нормативтік-құқықтық актілер	16	10
2	2-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі	16	10
3	3-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепке дейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету	16	10
4	4-Модуль. Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде вариативті, бейімделгіш, дамытушы бағдарлама әзірлеу әдістемесі	16	10
	Барлығы	1	40

Баллдарды бағаларға ауыстыру шкаласы

бағалау	орындау % көлемі	балдар
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50-ден кем%	20 ұпайдан кем

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру процесінде алған білімдер мен дағдыларды педагогикалық тәжірибеде қолдану педагогтер мен әдіскерлерге әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Педагогтер мен әдіскерлердің педагогикалық жұмысы курстан кейінгі қолдауды қажет етеді. Осы бағытта курстан өткеннен кейінгі кезеңде әдістемелік, кеңес беру арқылы қолдау тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі болып табылады. Тыңдаушылардың іс-әрекетін қолдау оның өзін-өзі дамытуға ұмтылысына ықпал етеді.

Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен тәсілдері:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қатысты барлық өзгерістер туралы педагогтер мен әдіскерлерді әдістемелік қамтамасыз ету және уақытылы хабардар ету үшін байланыс көздері:

1.1. әртүрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік медиа мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts);

1.2. аймақтардағы мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің желілік әдістемелік бірлестігі.

2. Курстан кейінгі қолдауды ресурстық қамтамасыз ету үшін:

1.1. курс пәні бойынша электронды материалдар (оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалық материалдар, интернет көздеріне сілтемелер, *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz> сайты*).

3. Біліктілікті арттыру траекториясын жүзеге асыру үшін:

3.1. педагогикалық кейс құру;

3.2. педагогтердің *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» ұйымдастыратын республикалық конкурстарға қатысуы* (ұсынылған конкурс Ережелері *Институттың <http://irrd.kz> сайтында орналастырылған*):

- 1) Наурыз мейрамы мерекесіне арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»;
- 2) Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен» отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу конкурсы;
- 3) Республикалық «Мен зерттеушімін» балалар байқауы;
- 4) Республикалық «Өнерлі бала» балалар шығармашылығы байқауы;
- 5) Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Ана тілім – айбыным» шығармашылық байқауы;
- 6) Республика күніне арналған «Ән шырқайық бәріміз» патриоттық ән байқауы;
- 7) «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі фото, бейнероликтер байқауы;
- 8) Кітап бұрышын ұйымдастыруға арналған «Балаларға базарлық» байқауы;
- 9) «Әкем – асқар тауым».

3.3. курс тақырыбы бойынша «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналында педагогтер мен әдіскерлердің мақалаларын жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (24.11.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).

3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы);

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы);

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы);

6. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР ОАМ 07.06.2022ж. №265 бұйрығы);

7. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (ҚР ОАМ 27.08.2022ж. №381 бұйрығы);

8. Тәрбиешілердің міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы 27.08.2022ж);

9. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ №292 бұйрығы 23.06.2022ж);

10. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ №385 бұйрығы 31.08.2022ж);

11. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.08.2022 ж. №157 бұйрығы;

12. Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдылары мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік нұсқаулар, Нұр-Сұлтан, 2020 - 260 б.;

13. Игра в жизни дошкольника /Н. В. Нищева. – М.: Детство Пресс, 2020 – 240 с.;

14. Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е. Психология игры (культурно-исторический подход). – М., 2017. – 331 с.;

15. Смирнова Е.О. Психология и педагогика игры: учебник и

практикум для академического бакалавриата / Е. О. Смирнова, И. А. Рябкова. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 223 с.;

16. Современные технологии дошкольного образования/ Андрианова Е., Богомолова М., Гришина А., Дормидонтова Л. и др. – М.: НИЦ ИНФРА, 2021 – 251 с.;

17. Современный детский сад. Каким он должен быть/Под.ред. О.А. Шиян – М.: Мозаика-Синтез, 2019 – 312 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz/>.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру ортасының сапасын ECERS-3 шкаласын пайдалана отырып бағалау бойынша әдіскерлер мен педагогтарға арналған Әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан, 2022 – 37 б.;

3. «Reggio Emilia» Философия среды и отношений Электронный доступ: <https://krugovaya.blogspot.com/2018/12/reggio-emilia.html>;

4. ECERS-3. Шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях: переработанное издание/ Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер – М.: Издательство «Национальное образование», 2019. – 112 с.;

5. Проектирование предметно-пространственной развивающей среды дошкольной организации/сост.: Ибрагимова Г.К. – Караганды, 2019 – 32 с.